

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 27 тамыздағы
№ 384 бұйрығына
қосымша

Бастауыш сынып мұғалімдеріне, болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне, ЖОО және педагогикалық колледж әдіскерлеріне арналған «Әдебиеттік оқу сабақтарында оқылым және жазылымды дамыту стратегиялары» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (80 сағат)

Бағдарлама авторы:
Қабатай Бидана Тұрсынханқызы–
Академик Серік Қирабаев атындағы
қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі
кафедрасының доценті, п.ғ.к.

Алматы 2023

Бастауыш сынып мұғалімдеріне, болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне, ЖОО және педагогикалық колледж әдіскерлеріне арналған «Әдебиеттік оқу сабақтарында оқылым және жазылымды дамыту стратегиялары» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (80 сағат)

1. Жалпы ереже

1. Бастауыш сынып мұғалімдеріне, болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне, ЖОО және педагогикалық колледж әдіскерлеріне арналған «Әдебиеттік оқу сабақтарында оқылым және жазылымды дамыту стратегиялары» тақырыбы бойынша білім беру бағдарламасы (80 сағат).

2. Бағдарлама бастауыш білім беру деңгейінде оқытылатын «Әдебиеттік оқу» пәні аясында білімалушылардың жетекші іс-әрекеттерін, яғни оқылым мен жазылымды ұйымдастыру мен жүргізудің тиімді жолдарын, озық стратегияларын меңгертуге бағытталған. Бағдарлама аясында оқылатын дәрістер мен практикалық сабақтар, тренингтер бастауыш сынып мұғалімдерінің, әдіскерлердің біліктіліктерін арттыруға, әлемдік және отандық оқыту дидактикасында осы саладағы ізденістерді практикалық түрде қолдануға мүмкіндік жасайды.

2. Глосарий

Әрекетті автоматтандыру - жекелеген амалдарды саналы реттеудің қажеттігі болмайтын қимылдарды тудыру үрдісі.

Дағды - жаттығу нәтижесінде пайда болатын автоматтандырылған ептілік немесе әрекет.

Жазылым термині «жазу» (жазудың түрлері, әріптің жеке өзі т.б.) деген мағынаны емес, «жаза білу», «ойыңды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді(Ф. Оразбаева).

Клоуз-тест (ағылшынша Close-test) - оқу барысында мәтіннің қиындығын анықтауға және оның мазмұнын түсінуге құрылған тест.

Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу(Ф. Оразбаева).

Оқырмандық сауаттылық - жазбаша мәтіндерді түсіну және өз мақсаттарына пайдалану қабілеті.

Оқырмандық интерпретация - оқырманның көркем туындыны оқып шыққаннан кейінгі ой-сезімінен, көңіл-күйінен, алғашқы әсерінен туындаған бастапқы интерпретация

Семантикалық дифференциал әдісі - ұғымдар мен сөздердің мағынасын өлшеу тәсілі және ең алдымен, берілген ұғымның мағынасын эмоционалдық жағынан саралау.

Сыни оқу - мәтін мазмұнын оқырманның жеке көзқарасымен, оның білімімен және өмірлік тәжірибесімен салыстыра оқу.

Стратегия (грекше stratos-армия+ ago-басқарамын деген мағынада)- белгілі бір мақсатқа жету үшін ақпаратты алу, сақтау және пайдалану тәсілдерінің бірі.

Шығармашылық интерпретация - әдеби шығарманы әдебиеттің өзге жанрына немесе көркемөнердің басқа түріне көшіріп, жаңа өнім ретінде ұсыну.

3. Бағдарлама тақырыптары

Модульдер	Тақырыптары
1.НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ	1.1 Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде), «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы құжаттарында бастауыш білім берудегі мемлекеттік саясаттың басты бағыттары
	1.2 Бастауыш білім берудегі оқушының жетекші іс-әрекеттері туралы тұжырымдар
2.МАЗМҰНДЫҚ-ПРОЦЕССУАЛДЫҚ	2.1 Үлгілік бағдарламадағы оқылым мен жазылымға қатысты оқу мақсаттарын зерттеу
	2.2 Оқу мақсаттары мен оқыту нәтижелері арасындағы байланыс
	2.3 Әдебиеттік оқу сабақтарында сабақ мақсаттарын қоюда кездесетін олқылықтар және оны түзету шаралары
3. ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ	3.1 Әдебиеттік оқу сабақтарында оқылымды дамыту стратегиялары
	3.2. Әдебиеттік оқу сабақтарында жазылымды ұйымдастыру мен жүргізу технологиясы
	3.3 Мазмұндама мен шығарма жаздыру технологиясы
	3.4 Бастауыш сыныптарда оқылым мен жазылымды бағалау критерийлері

	3.5 Оқырмандық сауаттылыққа қол жеткізу тәсілдері
	3.6 Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау
4. ВАРИАТИВТІК	4.1 Әдебиеттік оқу сабақтарында Блум таксономиясын қолдану
	4.1 Критерийлер мен дескрипторлар құрастыру технологиясы
	4.2 Көркем мәтіндерді талдау технологиясы
	4.2 «Оқуға құштар» баланы тәрбиелеу тәжірибесі

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты – бастауыш сынып мұғалімдерінің «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша оқылым мен жазылымды тиімді ұйымдастыру мен жүргізу құзыреттіліктерін арттыру.

Бағдарлама міндеттері:

- 1) «Әдебиеттік оқу» пәні бағдарламасындағы оқылым мен жазылым мақсаттарын зерттеу.
- 2) Бағдарламаға сәйкес оқылым мен жазылым сабақтарының SMART мақсатын нақты жоспарлауға жаттығу.
- 3) Оқылымды дамыту стратегияларын қолдануды меңгерту.
- 4) «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша мақсатқа сәйкес жазылым түрлерін жүргізуде белсенді және интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану жолдарын көрсету.
- 5) Әдебиеттік оқу сабақтарында мазмұндама мен шығарма жазу технологиясын меңгерту.
- 6) Оқылым мен жазылымды дамытуда Блум таксономиясын қолдану алгоритмін меңгерту.

Күтілетін оқу нәтижелері:

Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

- 1) Білімалушылар «Әдебиеттік оқу» пәні бағдарламасындағы оқылым мен жазылым мақсаттарын зерттеп, әр сынып бойынша жүйесін жасайды.
- 2) Бағдарламадағы мақсатқа сәйкес оқылым мен жазылым сабақтарының SMART мақсатын құрастырады.
- 3) Оқылымды дамыту стратегияларын біледі және қолданады.
- 4) «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша мақсатқа сәйкес жазылым түрлерін жүргізуде белсенді және интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолданады.
- 5) Әдебиеттік оқу сабақтарында мазмұндама мен шығарма жазу технологиясын меңгереді.
- 6) Оқылым мен жазылымды дамытуда Блум таксономиясын қолдануды меңгереді, тапсырмалар құрастырып, критерий мен дескрипторын анықтайды.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Білім беру бағдарламасы 5 модульден тұрады:

- 1) Нормативтік-құқықтық.
- 2) Мазмұндық-процессуалдық.
- 3) Технологиялық.
- 4) Вариативтік.

1-модуль. Нормативтік-құқықтық. Модульде ұсынылған дәріс тақырыптары тыңдаушыларға Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудағы мемлекеттік саясаттың тұжырымдамалық бағыттары мен қағидаттарын меңгеруге және «Әдебиеттік оқу» пәні мұғалімінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттармен танысуға мүмкіндік береді. Аталған құжаттарда сауаттылық негізін оқу мен жазу құрайтындығы пәннің басты міндеттері ретінде белгіленіп, «адамгершілік сабақтары», «сезім сабақтары» ретіндегі қызметі ашылады.

2-модуль. Мазмұндық-процессуалдық. Көп жағдайда мұғалімдердің сабақтарын талдау тәжірибесі олардың бағдарламадағы мақсат пен сабақтың нақты мақсатын бір ұғым деп қарастыратындықтарын көрсетіп отыр. Бағдарламадағы мақсат мұғалім үшін, ал сабақ мақсаты оқушы үшін екендігін түсіне бермейді. Сондықтан бағдарламада осы модульді, оқылым мен жазылымға қатысты мақсаттар қою технологиясын толыққанды меңгертуге ерекше көңіл бөлінді.

3-модуль. Технологиялық. Аталған модульде «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша жазылым мен оқылым негізінде жүргізілетін жұмыстар түрлері әр сынып бойынша жүйеленеді, тыңдаушылар ықшамсабақтар таныстырылымы кезінде ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін жоспарлау бойынша жетістіктермен бөлісуге мүмкіндік алады. Оқылым және жазылым стратегиялары ретінде тиімді белсенді және интербелсенді әдістер таңдалады. Қазіргі кезде қолданыс таппай отырған, бірақ болашақ оқу бағдарламасында белгіленген (Қабатай Б.Т. - бағдарламаның жетекші авторы) мазмұндама мен шығарма жұмыстарына қойылатын талаптар, жаздырту технологиясы кеңінен талданып, меңгертіледі.

Оқылым мен жазылым бойынша оқу жетістіктерін бағалау критерийлері түзіледі.

4-модуль. Вариативтік. Мектеп мұғалімдерінің оқу мақсаттарына сай тапсырмалар құрастырудан, дескриптор анықтаудан қиналатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан аталған модульде тыңдаушыларға курстан кейінгі кезеңде өз тәжірибесінде қолдану үшін нақты нұсқаулықтар мен технологиялар ұсынылады.

Шығарманы оқу, түсіну, қабылдау, интерпретациялау әдіс-тәсілдері сараланып, талданып көрсетіледі. Министрліктің «Оқуға құштар» жобасы негізінде оқушыларды оқырмандық сауаттылыққа баулудың жарқын көрінісі ретінде озат ұстаздар тәжірибесі сараланады.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Курстар келесі режимде ұйымдастырылады:

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі - ОТЖ) бойынша курс күндізгі (қашықтан) оқыту режимінде ұйымдастырылады. Оқу курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

Білім беру процесі біліктілікті арттырудың әрекеттік сипатын қамтамасыз ететін оқыту нысандары мен әдістерін қамтиды: дәріс, таңдау бойынша дәрістер, ықшамсабақтар, практикалық жұмыс.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін білім беру процесін ұйымдастыру кезінде кіріс және шығыс сауалнамасы қарастырылған, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында «Тиімді оқу ортасы» ықшамсабақ таныстырылымы өткізіледі.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

«Әдебиеттік оқу сабақтарында оқылым және жазылымды дамыту стратегиялары» тақырыбындағы күндізгі (қашықтықтан, аралас) оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары (80 сағат)

№	Сабақтың тақырыптары	Дәріс	Практикалық жұмыс	Ықшамсабақ	Бақылау түрі	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7
I.	НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДУЛЬ	2				2

1.1	Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы(оқыту қазақ тілінде), «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы құжаттарында бастауыш білім берудегі мемлекеттік саясаттың басты бағыттары	1				1
1.2	Бастауыш білім берудегі оқушының жетекші іс-әрекеттері туралы тұжырымдар	1				1
2	МАЗМҰНДЫҚ-ПРОЦЕССУАЛДЫҚ МОДУЛЬ	6	18			24
2.1	Үлгілік бағдарламадағы оқу мақсаттарын зерттеу	2	6			8
2.2	Оқу мақсаттары мен оқыту нәтижелері арасындағы байланыс	2	6			8
2.3	Әдебиеттік оқу сабақтарында сабақ мақсаттарын қоюда кездесетін олқылықтар және оны түзету шаралары	2	6			8
3	ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ	10	24	6	2	42
3.1	Әдебиеттік оқу сабақтарында оқылымды дамыту стратегиялары	2	6	1		9
3.2	Әдебиеттік оқу сабақтарында жазылымды ұйымдастыру мен жүргізу технологиясы	2	4	1		7
3.3	Мазмұндама мен шығарма жаздыру технологиясы	2	6	2		10
3.4	Бастауыш сыныптарда оқылым мен жазылымды бағалау критерийлері	2	4	1		7
3.5	Оқырмандық сауаттылыққа қол жеткізу тәсілдері	2	4	1		7
3.6	Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау				2	2
4	ВАРИАТИВТІК МОДУЛЬ	6	6			12

4.1	Әдебиеттік оқу сабақтарында Блум таксономиясын қолдану	3	3			6
4.1	Критерийлер мен дескрипторлар құрастыру технологиясы					
5.1	Көркем мәтіндерді талдау технологиясы	3	3			6
5.1	«Оқуға құштар» баланы тәрбиелеу тәжірибесі					
	БАРЛЫҒЫ:	24	48	6	2	80

Ескерту: Курстың бір академиялық сағаты 45 минутты құрайды (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес/ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы №249 бұйрығы).

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Оқу нәтижесін бағалау нақты сипаттамасы бар критерийлер арқылы жүзеге асырылады. Үлгілік оқу бағдарламасындағы сілтемеге сай сабақтың SMART мақсатын дұрыс қойып, оқыту нәтижесін дәл анықтай алған, нұсқаулықтарға сәйкес қысқа мерзімді жоспар (ҚМЖ) жасай алған, оқу мақсатына орай тапсырмаларды дескрипторларымен қоса құрастыра алған тыңдаушыларың жұмысы жоғары бағаланады, ең жоғарғы балл - 20.

Таныстырылым келесі шәкілдер арқылы бағаланады: 0 – дәлелдемелер ұсынылмады, 1 – дәлелдемелер әлсіз, 2 – дәлелдемелер орташа, 3 – дәлелдемелер жақсы, 4-дәлелдемелер күшті, 5-дәлелдемелер өте күшті (*әрбір критерий бойынша максималды балл - 4*). *Таныстырылымның ұзақтығы: 5-7 минут*)

№	Бағалау критерийлері	Баллдар					Қорытынды
		0	1	2	3	4	
1	Өзін-өзі таныстыру деректері дұрыс көрсетілген						
2	Білім беру бағдарламаларын талдай алады						
3	SMART мақсатты дұрыс қоя алады						
4	Тапсырмалар оқу мақсаттарына сай құрастырылған, критерий, дескриптор бар						
5	Мазмұндама мен шығарма жаздыру алгоритмін біледі						
Қорытынды балл (max – 25 балл)							

9. Курстан кейінгі қолдау

1-кезең – куратор (оқытушы) оқу процесін ұйымдастыру оқу орны бекіткен және кәсіпорынмен (ұйыммен) келісілген, тиісті үлгілік оқу жоспарларының және бағдарламалар негізінде әзірленген оқу жоспарларына және бағдарламаларына сәйкес жоспарлауға, кәсіби қызметіндегі қиындық аймағын анықтауға көмектесу, оларды түзету және одан ары қарайғы ынтымақтастықтың жоспарын құруды;

2-кезең – оқу процесін ұйымдастыру мәселелері бойынша консультативті көмек көрсетеді, әртүрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (WhatsApp және т.б.) пайдалана отырып, кеңестер, онлайн іс-шаралар өткізеді және дуальды оқыту шеңберінде басқа да құзыреттерді жүзеге асырады.

3-кезең – курс кураторы (оқытушы) тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін қажетті қолдау көрсетеді:

- семинарларда, дөңгелек үстелдерде (облыстық, республикалық деңгейде) сөз сөйлеу;
- кәсіби жарыстарға қатысу (облыстық, республикалық деңгейдегі);
- ғылыми-әдістемелік мақалаларды облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында (авторлық бірлестікте болуы мүмкін) жариялайды.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>;

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

3. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>

4. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

5. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 104 б. // <https://uba.edu.kz/storage/app/media/2023%20%D3%98%D0%9D%D0%A5/%2>

0%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7%2028%2008%202023.pdf

6. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018-5.

7. Поисковое чтение. https://methodological_terms.academic.ru/1382/
<https://dic.academic.ru/> Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам).

8. Кузнецова Виктория Алексеевна. Поисковое чтение.
<https://multiurok.ru/files/poiskovoie-chtieniie.html>

9. Классификация видов чтения.
https://m.studme.org/167156/pedagogika/klassifikatsiya_vidov_chteniya

10. Потапова С. «Эффективные стратегии работы с текстом на уроке в школе» <https://www.eduneo.ru/effektivnye-strategii-raboty-s-tekstom-na-uroke-v-shkole/>

11. Винсент Р. Руггиеро (Vincent R. Ruggiero) «Стратегии критического чтения» http://www.elitarium.ru/strategii_kriticheskogo_chtenija/

12. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар мен зерттеулер.- Алматы: «Ан Арыс», 2009. - 368б.

13. Қабатай Б.Т., Калиева В. Бастауыш сыныптарға арналған «Әдебиеттік оқу» оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері. - Алматы, «Атамұра», 2016-2022жж.

Қосымша әдебиеттер:

1. Стилл Дж., Мередит К, Темпл Ч., Вальтер С. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту құрылымының оқу жоспары: Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарлама жобасы үшін дайындалған әдістемелік құрал. – Алматы, 1998. – 33 бет.

2. Оқу-тәрбие процесіндегі қазіргі заманғы менеджменттің әдістері: Әдістемелік нұсқаулық /Орақова А.Ш., Жаксылыкова К.З., Белденбаева М.Т. – Алматы, 2017. - 48 б.

3. Қабатай Б.Т. Болашақ филолог мамандарды «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша жаңа талаптарға дайындау мәселесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Хабаршы» журналы, «Филология ғылымдары» сериясы, №1(71), 2020. - 493-497 бб.

